



БҰЙРЫҚ

« 16 » 10 20 23 ж.г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 225-0

город Кызылорда

Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 21) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларының 12 тармағы 3) тармақшасына сәйкес және банкроттықты басқарушы А. Исламбекқызын шеттету туралы 2023 жылғы 11 қазандағы «ASIYA CONSTRUCTION» ЖШС кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Исламбекқызы Алия «ASIYA CONSTRUCTION» ЖШС, БСН 100640001674, мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Исламбекқызы Алия үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2022 жылғы 7 қазандағы №252-Ө бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешекпен жұмыс басқармасына жүктелсін.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы

Ә. Бекішев